

Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 340 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 3 қыркүйекте № 36783 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 25-бабының 2-тармағы 12) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы Ереженің 15-тармағының 443) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Мына бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 163 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10658 болып тіркелген);

2) "Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 163 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 5 мамырдағы № 325 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32460 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

E. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылым міністерлігінің

2025 жылғы 29 тамыздағы № 340

бүйрекіна қосымша

Елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар), Су кодексінің 25-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністерлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым міністерлігі туралы Ереженің 15-тармағының 443) тармақшасына сәйкес әзірленді және сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсыну және алу кезінде олардың теңгерімдік тиістілігіне қарамастан елді мекендерді сумен жабдықтау және су бұру (бұдан әрі – сумен жабдықтау және су бұру жүйелері) жүйелерін пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авария - тоқтатуға әкеп соққан сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің немесе олардың жекелеген құрылыштарының, желілерінің, жабдықтарының, құрылғыларының зақымдануы немесе істен шығуы не адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіретін сумен жабдықтау және су бұру қызметтері көлемінің, ауыз су сапасының төмендеуі;

2) ауызсу - сапасы жағынан белгіленген ұлттық стандарттар мен гигиеналық нормативтерге сай келетін, ауыз су мен шаруашылық-тұрмыстық мұқтаждықтарды қанағаттандыруға арналған, табиғи күйдегі немесе өндөлгеннен кейінгі су;

3) бақылау құдығы – су тұтынушының сарқынды суларының сынамаларын іріктеп алуға және олардың көлемін есепке алуға арналған су бұру жүйесіне қосу алдындағысу тұтынушының су бұру желісіндегі соңғы құдық;

4) суды есепке алу аспабы – нормаланған метрологиялық сипаттамалары бар, Қазақстан Республикасының Заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген белгілі бір уақыт аралығы ішінде физикалық шама бірлігін қалпына келтіретін және сақтайтын су көлемін (ауыз су, техникалық, сарқынды және сулардың басқа да түрлері) өлшеуге арналған техникалық құрал;

5) есепке алу аспаптарын тексеру - есепке алу аспаптарының жай-күйін тексеру, оның техникалық талаптарға сәйкестігін анықтау және растау, көрсеткіштерді алу, сондай-ақ суды есепке алу аспабында және (немесе) суды есепке алу торабында пломбалардың болуын және тұтастырын анықтау үшін жеткізушінің өкілі орындастын операциялардың жиынтығы;

6) елді мекендердің техникалық сумен жабдықтау жүйелері – ауыз суды үнемдеу, су тұтынушыларды ауыз суға, тамақ дайындауға немесе тамақ өнімдерін өндіруге арналмаған техникалық сумен қамтамасыз ету мақсаттарына арналған инженерлік желілер мен құрылыштар кешені;

7) қосалқы тұтынушы – жеткізушимен келісім болған кезде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері меншігінде немесе өзге де заңды негіздерде бар және жеткізушинің сумен жабдықтау және (немесе су бұру) қызметтерін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

8) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйым (бұдан әрі – жеткізуши) – елді мекендердегі оның теңгеріміндегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін технологиялық және техникалық пайдалануды жүзеге асыратын су шаруашылығы ұйымы;

9) орталықтандырылған су бұру жүйелері - тазартылған сарқынды суларды су объектілеріне немесе сарқынды суларды жинақтағыштарға жинауға, тасымалдауға, тазартуға және ағызуға арналған елді мекеннің инженерлік желілері мен құрылыштарының кешені (бұдан әрі-су бұру жүйелері);

10) орталықтандырылмаған су бұру жүйелері – елді мекеннің орталықтандырылған су бұру жүйесіне технологиялық тұрғыдан қосылмаған жалғыз су тұтынушының немесе су тұтынушылар тобының су бұру жүйелері (қазылған шұңқырлар, септиктер, жергілікті тазарту құрылыштары).

11) жергілікті тазарту құрылыштары – су тұтынушының өз сарқынды суларын су бұру жүйесіне ағызар алдында тазартуға арналған құрылыштары мен құрылғыларының жиынтығы;

12) пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы - тараптардың келісімімен белгіленетін міндеттер (оларды пайдалану жауапкершілігі) белгісі бойынша сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу сызығы. Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы бойынша белгіленеді;

13) суды есепке алу торабы - ауыз, техникалық, сарқынды және басқа да су түрлерін есепке алуды қамтамасыз ететін өлшеу құралдары (суды есепке алу аспабы, шығын өлшегіш, манометр) және (немесе) құрылғылар жүйесіне арналған арнайы жабдықталған орын (тиекті арматура, өлшеу құралдарына дейінгі және одан кейінгі құбырлардың тікелей учаскелері, деректерді жинау және беру құрылғылары, қысымды реттегіш және басқа да құрылғылар түрлері)

14) су бұру желілері – сарқынды суларды бұруға және тарзартуға арналған құбыржолдар, коллекторлар, арналар және олардың құрылыстары жүйесі;

15) су бұру жүйесіне шығару - ғимараттан немесе құрылыстан су бұру желісіндегі бірінші құдыққа дейінгі құбыр;

16) су құбырын іске қосу - қосылу нүктесіндегі тиекті арматурасы бар құдықты қоса алғанда, сумен жабдықтаудың тарату желісінен ғимараттағы бірінші ысырмаға дейінгі құбыр;

17) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне өз бетінше қосылу-су тұтынушының елді мекенниң сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерімен технологиялық қосуға (қосуға) және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін жеткізушінің тиісті рұқсатын алмай және (немесе) белгіленген тәртіпті бұза отырып пайдалануға бағытталған іс-әрекеттері.

18) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін жоспарлы тексеру - өнім беруші жүргізетін су тұтынушы объектісінің нысаналы мақсатына сәйкестігін тексеруді қамтитын іс-шаралар.

19) сумен жабдықтау желілері - су алу нүктесінен су тұтынушыға дейін су беруге арналған құбырлар мен олардың құрылыстары жүйесі;

20) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің қорғау аймағы – сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне және олардағы құрылыстарға іргелес жатқан, халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды қауіпсіз және үздіксіз пайдалануға қажетті жағдайлар жасауға арналған аумақ, оның шегінде оны белгілеу мақсаттарына сәйкес келмейтін қызмет түрлері шектелетін немесе тыйым салынатын аумақ;

21) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы желілерге қосылуға арналған техникалық шарттар (бұдан әрі – Техникалық шарттар) – қосылу үшін қажетті сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелері иесінің техникалық талаптарын белгілейтін құжат.

Техникалық шарттар су тұтынушыны сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне қосуға (технологиялық қосуға) рұқсат болып табылмайды.

22) су тұтыну (су бұру) лимиті - бір адамның, жеке қосалқы шаруашылық жануарларының тәуліктік қажеттілігін қанағаттандыру үшін судың есептік мөлшері немесе нақты елді мекендерінде суармалы ауданның бір бірлігіне арналған;

23) суды тұтыну (су бұру) лимиті - белгілі уақыт кезеңіне су тұтынушыға белгіленген су тұтынудың (су бұрудың) ең жоғарғы көлемі;

24) су тұтынушы - су беру және (немесе) сарқынды суларды бұру және тазарту жөніндегі су шаруашылығы үйымдарының немесе су пайдаланушылардың қызметтерін пайдаланатын не ортақ су пайдалану тәртібімен су объектілерінен суды тұтынатын жеке немесе заңды тұлға.

25) тенгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасы - меншік, шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару белгілері бойынша иелері арасындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің элементтерін бөлу сзығы.

3. Су тұтынушыларға сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсету үздіксіз жүзеге асырылады. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін уақытша тоқтату және шектеу Қазақстан Республикасының Су кодексінде, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы қолданыстағы заңнаманың нормаларында және осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

4. Ауыз сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезінде халықты ауыз сумен қамтамасыз ету басымдылығы белгіленеді.

5. Су тұтынушылардың сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануға мынадай жағдайларда жол берілмейді:

1) елді мекенинің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне техникалық шарттарды бұза отырып немесе олар болмаған кезде жалғанған кезде;

2) осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайдаланылатын заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар.

6. Су тұтынушы үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 3 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде №22039 болып тіркелген) 3-қосымшада бекітілген сумен жабдықтау және (немесе) су бұру саласындағы табиғи монополиялар субъектілері қызметкерлерінің іс-қимылдарының нақты тәртібімен қызметтер көрсетудің Ұлгілік регламентінің (бұдан әрі - Ұлгілік регламент) 6-тармағында көзделген жағдайларда сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне объектілерді қосуға арналған жаңа техникалық шарттарды алу үшін жеткізушіге жүгінеді.

7. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін жобалау және салу кезінде Тапсырыс беруші жобаны жеткізушімен келіседі.

8. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемінінің есебін жеткізуші Қазақстан Республикасы Су кодексінің 106-бабының 5-тармағына сәйкес тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілетін қызметтер көлемінің есебі әдістемесіне сәйкес жүргізеді.

9. Көрсетілген сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтері үшін төлемді қайта есептеуді өнім беруші су тұтынушының өтініші бойынша растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда қайта есептеу үшін негіздеме басталған кезден бастап жүзеге асырады.

10. Елді мекеннің сумен жабдықтау жүйесінен ауызсуды техникалық қажеттіліктерге пайдаланатын су тұтынушылар - занды тұлғалар, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар, осы іс-шара негізделген кезде ауыз суды қайта пайдалану үшін айналымдық және (немесе) қайталама сумен жабдықтау жүйесін орнатады.

11. Елді мекеннің аумағын абаттандыру жұмыстарын жүргізу кезінде мердігер ұйымдар халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жолдың жүру бөлігінде, тротуарларда және жасыл желектерде құдықтар, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің люктері болған кезде жұмыстарды жеткізу шартынан келіседі.

12. Жеткізу шартынан сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде жасыл желектерді суаруға, аумаққа, жолдарға, тротуарлар мен өтпе жолдарға пайдаланылатын техникалық су пункттерін, көшелер мен алаңдарды жууды, сондай-ақ мамандандырылған автокөлікті орталықтандырылмаған су бұру жүйелерінен сарқынды суларды қабылдайтын сарқынды суларды ағызу станцияларын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 25-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекітетін елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру қағидаларына сәйкес техникалық су пункттері мен сарқынды суларды ағызу станциялары мүліктік жалдауға (жалға алуға, аутсорсингке) беріледі.

2-тарау. Елді мекендердің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалану тәртібі

1-параграф. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне арналған шарт

13. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтер "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 7) тармақшасына сәйкес бекітілетін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған ұлгілік шартқа сәйкес жасалған жеткізу шартынан шартты арасында жасалған шарт негізінде:

1) көппәтерлі тұрғын үйде тұратын жеке тұлға-су тұтынушының қалауы бойынша жазбаша жеке және (немесе) жария шартты нысанында;

2) жеке тұрғын үй құрылышында тұратын жеке тұлға және занды тұлға, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғамен-жазбаша жеке шартты нысанында ұсынылады.

Жеткізу шартынан сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтеріне арналған шартты жеткізу шартты нысанында жеке тұлғамен-жазбаша жеке шартты нысанында ұсынылады.

14. Өнім беруші мен су тұтынушылар арасында жазбаша нысанда жеке шарттар жасасуға қол қоюды, электрондық цифрлық қолтаңбаны, қарапайым электрондық қолтаңбаны факсимильді көшіру құралдарының тараптары куәландыра отырып, электрондық нысанда жол беріледі. Сондай-ақ мәміле жасауға үялды байланыс операторы желісінің және абоненттік құрылғының техникалық мүмкіндітерімен жол берілетін белгілі бір реттілікпен және көлемде терілген әріптерден және (немесе) сандардан және (немесе) символдардан тұратын қысқа мәтіндік хабарлама (SMS - хабарлама) алмасу теңестіріледі.

Шартты орындауға байланысты құжаттарға (актілерге) екі жақты қол қоюды Қағидалардың осы тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген тәсілдермен қатар, қол қою планшет арқылы - абоненттік құрылғының (смартфонның, планшеттің) экраны бойынша саусақпен (стилуспен) оны сызу жолымен алынған қол қоюды жүзеге асыруға жол беріледі.

15. Техникалық мүмкіндік болмаған кезде Жеткізуші осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген жеке шарттар мен екі жақты қол қойылған актілерге кейіннен оларды PDF-құжат түрінде су тұтынушының жеке кабинетіне салумен қағаз жеткізгіште қол қоюды қамтамасыз етеді.

Жеткізуші осы Қағидалардың 13-тармағының және осы тармағының шарттарына сәйкес жасалған электрондық нысандағы құжаттардың су тұтынушының жеке кабинетінде кемінде бес жыл кезеңге сақталуын қамтамасыз етеді.

Жеке кабинет өзіне-өзі қызмет көрсетудің, қызметтерді бақылау мен басқарудың, сондай-ақ су тұтынушы деректерді (дербес шот, пароль, код сөзі және (немесе) көп факторлы аутентификацияны қоса алғанда, өзге де деректер) енгізу арқылы қол жеткізуді жүзеге асыратын зандық маңызы бар іс-әрекеттерді жасаудың автоматты интерфейсі бар жеткізуші пайдаланатын (меншік құқығында немесе өзге де құқықта) ақпараттандыру объектісінің интернет-ресурсындағы су тұтынушының дербес бөлімі болып табылады.

16. Жеткізушіге сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтері үшін, оның ішінде осындай орналастырудың (хабарламаның) күнтізбелік күнін және сақтау кезеңін автоматты түрде белгілей отырып, су тұтынушының жеке кабинетінде орналастырылған төлем құжаты арқылы Қазақстан Республикасының су заңнамасында көзделген іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажеттігі туралы хабарлауға жол беріледі.

17. Жеткізуші мен су тұтынушы, жеке тұлға арасында сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға арналған шарт су тұтынушыдан өтініш негізінде (сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға арналған жеке шарт жасасқан жағдайда) ол сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қосылған күнінен бастап жасалады.

18. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерді көрсетуге шарт жасасу үшін су тұтынушы жеткізушіге Үлгілік регламентінің 22-тармағында белгіленген құжаттар тізбесін ұсынады.

19. Су тұтынушымен-занды тұлғамен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті занды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғамен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған шарт жеткізушінің техникалық шарттардың талаптарына жауап беретін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалануға берген сәттен бастап құнтізбелік он күн ішінде су тұтынушыдан өтінім негізінде жасалады.

20. Су тұтынушымен – занды тұлғамен, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғамен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың күші шартта сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерімен шартта көрсетілген мерзімге қолданылады.

21. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерге жеткізушімен, су тұтынушы занды тұлғамен, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғмана шарт жасасу үшін, Үлгілік регламентінің 22-тармағында көзделген құжаттар тізбесіне қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

косалқы тұтынушылар және олардың сумен жабдықтау және (немесе) су бұру объектілері туралы деректер (олар болған кезде);

косалқы тұтынушылардың су тұтыну және (немесе) су бұру көлемдері туралы мәліметтер (олар болған кезде);

су тұтыну және су бұру көлемін есептеу үшін негіз болып табылатын деректер.

Сондай-ақ, ауыз суды техникалық және технологиялық қажеттіліктер үшін пайдаланатын, сондай-ақ өндірістік ағынды суларды ағызатын кәсіпорындар жеткізуіне мыналарды ұсынады:

айналмалы сумен жабдықтау жүйелеріне және жергілікті тазарту құрылыштарына арналған техникалық және (немесе) пайдалану құжаттамасы;

ағынды сулардағы зиянды заттардың рұқсат етілген шоғырлануының жобалық шамалары жергілікті тазарту құрылыштары су бұру жүйесіне шығарылымдардан өткенге дейін және өткеннен кейін орташа және ең жоғары саны бойынша;

22. Су тұтынушыдан – занды тұлғадан, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғадан сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін ұсынуға шарт жасасуға өтінім алған кезде, сондай-ақ су тұтынушы объектілері туралы деректердің өзгергені туралы жазбаша хабарлама алған кезде жеткізуі бес жұмыс күні ішінде су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің берілген техникалық шарттарға сәйкестігіне тексеру жүргізеді.

23. Объекті жаңа иеленушіге ауысқан кезінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерді көрстеуге шарт жасасу үшін су тұтынушы меншік құқығын

не мүлікті иелену мен пайдаланудың өзге де заңды негіздері мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жеткізушіге жүгінеді.

24. Су тұтынушымен – заңды тұлғамен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлікті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғамен шарт жасасу кезінде жеткізуші оған мынадай қосымшаларды жасайды:

екі тарап қол қоятын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің атқаруышы схемасына сәйкес орындалған, жеткізуші мен су тұтынушының пайдалану жауапкершілігін бөлу шекараларының актісі;

екі тарап қол қоятын су тұтынушы объектілерін зерттеу деректері негізінде орындалған су тұтыну көлемдерінің есебі;

екі тарап қол қоятын тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекітетін елді мекендерді сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес қайтарымсыз жоғалған судың көлемін ескере отырып, су бұру жүйелеріне жіберуге жол берілетін су бұру көлемдерінің есебі;

екі тарап қол қоятын, тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен елді мекендердің су бұру жүйелеріне сарқынды суларды қабылдау қағидаларына сәйкес есептелген, жеткізушінің су бұру жүйелеріне ағызылуға жататын сарқынды сулардың сапалық құрамы.,

Шарт су тұтынушы объектісін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қосуға өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде жасалады.

2. параграф. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі қызметтерді ұсыну, шектеу және тоқтату тәртібі

25. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалану кезінде:

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен олардағы құрылыштардың үстіне әртүрлі материалдар мен заттарды жинауға, қоқыс жинауға;

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен олардағы құрылыштардың үстінде тұрақты және уақытша құрылыштар салуға;

жеткізушінің келісімінсіз сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың сыртқы желілерінде жұмыстарды орындауға;

шүмектегі судың тұрақты ағуы үшін ішкі су құбыры жүйесіндегі крандарды ашуға; жабдықты тікелей ағынды схема бойынша салқыннату үшін ауыз суды пайдалануға;

үй жануарларын суаруға, су жинау колонкаларының жанында автомашиналар мен тұрмыстық заттарды жууға, оларға құбырлар мен шлангтарды қосуға, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына, гигиеналық нормативтерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін басқа да іс-әрекеттер жүргізуге;

сумен жабдықтаудың уақытша желілерін су жинағыштар мен гидранттардың тұрақтарына қосуға;

су бұру желісіне қар мен мұз сынықтарын, дәрі-дәрмектерді, химиялық заттарды, мұнай өнімдерін, ерімейтін материалдарды (жеке гигиена құралдары мен жаялықтарды, тاماқ және ас үй қалдықтарын, тұрмыстық және құрылымдық қоқыстарын) төгіп тастауға жол берілмейді.

26. Сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың уақытша желілерін пайдалануға оларға қосылған күннен бастап 1 жылдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

27. Объектіні салу кезеңінде жеткізуіден алынған техникалық шарттар және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрстеуге жасалған шарт негізінде сумен жабдықтау және (немесе) су бұрудың уақытша желілерін пайдалануға жол беріледі.

Сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың уақытша желілері объектінің құрылышы аяқталғаннан кейін жойылуға жатады.

28. Жасыл желектерді, аумақтарды, жолдарды, тротуарлар мен өтпе жолдарды суаруға, көшелер мен аландарды жууға техникалық суды пайдалану мүмкіндігі болмаған кезде, Кодекстің 45-бабына сәйкес алынған арнайы су пайдалануға рұқсатқа сәйкес ауыз суды пайдалануға рұқсат етіледі, жеткізуімен келісім бойынша суару уақыты, арнайы суару құрылғыларын қосу орындары және су алу пункттері белгіленеді.

29. Тұрғын үйлерге (тұрғын ғимараттарға) кірістірілген-жапсарлас салынған су тұтынушылардың үй-жайларын сумен жабдықтау жүйесіне қосу бақылау құдығын орнату арқылы жүзеге асырылады.

Тұрғын үйлерге (тұрғын ғимараттарға) кірістірілген-жапсарлас салынған су тұтынушылардың үй-жайлары су бұру жүйесіне дербес шығарумен жабдықталады.

Тұрғын үйлерге (тұрғын ғимараттарға) кірістірілген-жапсарлас салынған қофамдық тамақтану және кір жуу, химиялық тазалау үй-жайлары су бұру жүйесіне бақылау құдығы бар дербес шығарумен жабдықталады.

30. Елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне су тұтынушының жаңадан салынған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерін қосу жөніндегі жұмыстар оларға берілген техникалық шарттар негізінде жеткізуі өкілінің қатысуымен оның қаражаты есебінен орындалады.

31. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін қайта орналастыру және (немесе) тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерінің шарттық көлемдерін өзгерту жеткізуімен келісім көзінде жүргізіледі. Су тұтынушы жүгінген кезде жеткізуі он жұмыс күні ішінде пайдалану жауапкершілігінің шекараларын бөлу актісіне, су тұтынушының су тұтыну және (немесе) су бұру көлемдерінің есептеулеріне тиісті өзгерістер енгізеді.

Су тұтынушының осы тармақтың бірінші бөлігін орындауда техникалық шарттарды бұзуға әкеп соғады.

32. Су тұтынушының гидранттары мен крандарын, сондай-ақ айналма желісі мен ондағы суды есепке алу аспаптарына дейін қосылған бекіту арматурасын жеткізушінің өкілі жабық қуйінде пломбылады.

33. Айналма желілердің, гидранттар мен крандардың тиекті арматурасының пломбаларын алу, гидранттардың жұмыс жағдайын тексеру өртке қарсы қызмет өкілі жасаған актінің кейіннен ұсына отырып, өрт сөндіруді қоспағанда, жеткізуімен келісілгеннен кейін жүзеге асырылады.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін су тұтынушы бір жұмыс күні ішінде жеткізуіге қайтадан пломбылауға өтінім береді. Өнім беруші су тұтынушыдан өтінім келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде қайта пломбалауды жүргізеді.

34. Өнім беруші су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне жоспарлы тексерулер, нормативтік техникалық құжаттар мен нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігіне зерттеулер жүргізу үшін сарқынды судың сынамаларын іріктең алуды жүргізеді.

Жеткізуі 15 күнтізбелік күн бұрын су тұтынушыға жоспарлы тексерулердің жүргізілгені туралы хабарлайды.

35. Су тұтынушы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін қарау (тексеру), айналма желідегі су мен пломбаларды есепке алу торабын тексеру, бақылау құдықтарынан сарқынды сулардың сынамаларын алу үшін, сондай-ақ су тұтынушының аумақ арқылы өтетін сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін қарау және пайдалану жұмыстарын жүргізу үшін өнім беруші өкілдерінің қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

36. Жүргізілген іс-әрекеттер және тексеру кезінде анықталған су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінде пайдалану тәртібін бұзы фактілері туралы жеткізуінің өкілі екі тарап қол қоятын тиісті акт жасайды.

Су тұтынушы немесе оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда, оны кемінде үш адамнан тұратын жеткізуі өкілдерінен тұратын комиссия ресімдеген жағдайда акт жарамды деп есептеледі. Актіде су тұтынушының қол қоюдан бас тарту фактісі тіркеледі, бұл, оның ішінде фотоға түсірумен және (немесе) бейнетіркеумен расталады.

37. Жеткізуінің өкілі сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне жіберілмеген кезде, оның ішінде оларды қарау, су сынамаларын алу және оның құзыретіне кіретін іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жіберілмеген уақыты, күні, орны, себептері көрсетіле отырып, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес акт жасалады.

Қажет болған кезде, актіге су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қол жеткізуге жеткізуі өкілдерінің дәлелдемелері (су тұтынушыны хабарландыру, келіссөздердің аудио-, бейне жазбаларын жүргізу туралы, объектіге келуін растау) қоса беріледі.

Қағидалардың осы тармағында көзделген тәртіппен жасалған акт су тұтынушы жазбаша дәлелді қарсылық ұсынбаған кезде ол жасалған күннен бастап үш жұмыс күні өткен соң жарамды деп танылады.

38. Су тұтынушы жеткізушиге олардың жұмысының техникалық және технологиялық бұзылуына әкеп соғатын пайдалану жауапкершілігінің шекараларын бөлу шегінде оның сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріндегі барлық зақымданулар мен ақаулар туралы дереу хабарлайды.

39. Ауыз сумен жабдықтау көзіндегі су сапасының нашарлау жағдайлары, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріндегі авариялар туралы жеткізуши халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствоның аумақтық бөлімшесін, сондай-ақ су қорын пайдалану мен қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдарды бір тәулік ішінде дереу хабардар етеді.

40. Осы Қағидалардың 41-тармағында көзделген негіздер бойынша тоқтатылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуді жаңғыртуды (қалпына келтіруді) қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға әкеп соққан бұзушылықтар жойылған күні жеткізуши жүргізеді.

41. Жеткізуши су тұтынушының ескертуінсіз сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуді тоқтата тұрады:

1) сумен жабдықтау және (немесе) су бұру объектілерін энергиямен жабдықтау авариялық тоқтату кезде;

2) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінде авария туындаған және (немесе) авария салдары жойылған кезде;

3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері ауыз су сапасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаған кезде;

4) өртті сөндіру үшін берілетін су көлемін ұлғайту қажет болған кезде;

5) орталықтандырылған су бұру жүйесіне тастауға тыйым салынған заттарды, материалдарды, қалдықтарды және (немесе) сарқынды суларды төгу кезінде;

6) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесінің және (немесе) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствоның ауыз су сапасының, сарқынды сулар құрамының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды орындау қажеттілігі туралы нұсқамасын немесе тиісті шешімін алған кезде;

7) елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне өз бетінше қосылу (технологиялық қосылу) кезінде;

8) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген елді мекеннің тазарту құрылыштарынан сарқынды сулардың төгінділерінің шекті жол берілетін нормативтеріне сәйкес айқындалған зиянды заттардың жіберілетін концентрациялары бірнеше рет үш және одан да көп еселенген кезде;

9) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес су тұтынушыда (тұрмыстық тұтынуды қоспағанда) өндірістік бақылау жүйесі болмаған кезде;

10) су тұтынушының немесе жеткізушінің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінің авариялық жай-күйі кезінде тоқтата тұрады.

42. Жеткізуши тұтынушыларды күнтізбелік үш күн бұрын хабардар ете отырып, сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуді шектейді:

1) су тұтынушылар жеткізуши өкілдерін сарқынды сулардан сынама алу үшін бақылау кәріз құдықтарына, сондай-ақ суды есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін тексеру, бақылау, алу үшін су тұтынушылардың суды есепке алу тораптарына жіберуіне кедергі келтірген кезде;

2) Жаңа обьектілерді қосу (технологиялық қосу) жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде;

3) жоспарлы-алдын ала жөндеу жүргізу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріне қызмет көрсету, су тұтынушы қосылған сумен жабдықтау желілерін дезинфекциялау кезінде;

4) Су тұтынушыда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 58 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18889 болып тіркелген) сумен жабдықтауға және (немесе) су бұруга арналған үлгі шартқа сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтерге ақы төлеу бойынша берешегі болған кезде;

5) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуді қарau актісінде және тоқтата тұру актісінде көрсетілген анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою жөніндегі жеткізушінің жазбаша талаптары орындалмаған кезде;

6) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес жеткізуши мен су тұтынушы арасында жасалған бірлескен құжатпен расталған коммерциялық есептен шығарылған суды есепке алу аспаптарын тексеруден және ауыстырудан бас тартқан кезде;

7) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемдерін есептеу әдістемесінде белгіленген бұзушылықтар анықталған кезде шектейді.

43. Осы Қағидалардың 41-тармағының 1), 2), 3), 4), 7), және 10) тармақшаларында, сондай-ақ 42-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсету толық тоқтатыла тұрған

кезде, жеткізуші сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін тұрақты режимде қалпына келтіргенге дейін коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктеріне қарай қанағаттандыру үшін халықты уақытша сумен жабдықтауды ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдайды.

44. Жеткізуші мен су тұтынушы өзінің пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы шегінде осы Қағидалардың 45 және 46-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың меншікті жүйелерінің сақталуын және тиісті санитарлық және техникалық жай-күйін қолдайды.

45. Пайдалану жауапкершілігі жеткізуші мен су тұтынушы үшін:

ҚР ҚН 1.04-07-2001 "Су құбыры-кәріз желілері мен құрылыштарына жоспарлы-алдын алу жөндеуді ұйымдастыру және жүргізу" сәйкес осы қызмет түрін жүзеге асыруға рұқсаты бар тұлғалардың сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінде жыл сайынғы жоспарлы-алдын алу жұмыстарын жүргізуі;

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін тиісті техникалық және санитарлық жағдайда ұстауды қамтамасыз ету;

апаттылықты төмендету, суды ұтымсыз пайдалану және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін қыскы кезеңге дайындау жөніндегі іс-шаралар;

сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінде жүргізілген жұмыстардан кейін бұзылған абаттандыруды қалпына келтіру;

аварияларды жою және судың ағып кетуін жою;

су бұру жүйелеріне ағызылатын сарқынды сулардың сапасын бақылауды қамтиды.

46. Су тұтынушы осы Қағидалардың 45-тармағына қосымша пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы шегінде:

жазғы кезеңге орнатылған барлық уақытша сумен жабдықтау желілерін ажыратуды;

бұл ретте есептеу аспаптарының көрсеткіштерін кедергісіз алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, суды есепке алу торабын қатып қалудан қорғауды;

сумен жабдықтау және су бұру жүйелері орналасқан үй-жайларды жеткілікті жылу оқшаулауды;

шатыр үй-жайларында төселген су қысымды бактар мен құбырларды жылтыуды;

су өлшегіш камераларда және өрт сөндіру гидранттары бар құдықтарда қос люктерді орнату немесе қақпақтарды жылтыту;

ғимараттардың ішкі сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері құбырларының түйіспелерінің герметикалығын тексеру, олардың тығыздығын жою, тексерулер мен тазартуларды жабу, қоршаған ауаның теріс температурасы бар үй-жайларда және участекерде пайдаланылатын құбырларды жылтыуды қамтамасыз етеді.

47. Меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару белгісі бойынша жеке тұрғын үйдің иесі немесе занды тұлға болып табылатын жеткізуші мен су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері арасындағы теңгерімдік тиесілілікті бөлу

шекарасы жеткізушінің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйесіне қосылған жердегі құбыржолға кірісу болып табылады.

48. Кондоминиум объектілеріндегі пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы кондоминиум объектісін басқару органдының және жеткізушінің келісімімен белгіленеді :

сумен жабдықтау бойынша-ғимараттағы су құбырын енгізу degі бірінші ысырманың бірінші фланеці;

су бұру бойынша-елді мекеннің су бұру желісіне құдықпен түйісу желісінде шығару

Мұндай келісім болмаған кезде пайдалану жауапкершілігінің шекарасы тенгерімдік тиесілікті бөлу шекарасы бойынша белгіленеді. Қағидалардың осы тармағында кондоминиум объектісін басқару органдының атынан мұлік иелері бірлестігінің төрағасы немесе жай серіктестіктің сенім білдірілген адамы не көппәтерлі тұрғын үйді басқарушы немесе басқарушы компания не пәтерлердің (үй-жайлардың) барлық меншік иелері сөз сөйлейді.

49. Кондоминиум объектісінің ортақ мұлкі болып табылатын жалпығилік сумен жабдықтаудың және (немесе) су бұрудың жүйелерін, оның ішінде суды есепке алу тораптарын тиісті техникалық жай-күйде ұстауды, олардың қауіпсіздігін және сақталуын қамтамасыз етуді кондоминиумның меншік иелері пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды өз бетінше занды тұлға құрмай-ақ тіркемеген кезде кондоминиумды басқару органы жүзеге асырады.

50. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне, құрылыштарға, суды есепке алудың жеке және (немесе) жалпығилік тораптарына қызмет көрсетуге арналған шарттарды су тұтынушылар немесе кондоминиум объектілерін басқару органдары жеткізушімен немесе қызметтің осы түрін жүзеге асыруға тиісті лицензиялары бар басқа да тұлғалармен жасасады.

51. Кондоминиум объектісін басқару органы (кондоминиум объектісінің ортақ мұлкінің иелері) жеткізуі пайдаланатын сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің бір бөлігіне қызмет көрсету үшін жеткізуіге қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3-параграф. Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдалану кезінде суды есепке алуды үйымдастыру ерекшеліктері

52. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін пайдалану кезінде суды және (немесе) сарқынды суларды есепке алу тенгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылған және жеткізуі коммерциялық есепке алған суды есепке алу тораптары арқылы жүзеге асырылады.

Суды есепке алу тораптарын орнатудың техникалық мүмкіндігі болмаған кезде суды және (немесе) сарқынды суларды есепке алу тұрғын үй қатынастары және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілдегі орган бекіткен сумен жабдықтау және (немесе) су бұру бойынша көрсетілген қызметтер көлемін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады.

53. Техникалық мүмкіндік болған кезде суды есепке алу тораптарында суды есепке алу аспаптары орнатылмай, елді мекендердің орталықтандырылған сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне су тұтынушыларды қосуға (технологиялық қосуға) жол берілмейді.

Тұрғын үйлерге (тұрғын ғимараттарға) кірістірілген және кірістірілген-жапсарлас салынған үй-жайлар теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында суды есепке алуудың жеке тораптарымен жабдықталады.

54. Суды есепке алу аспаптарына, техникалық құралдарға, сондай-ақ байланыс операторлары мен телекоммуникация желілерінің иелерінің энергия тұтынуды есепке алуудың автоматтандырылған жүйелерінің құрамында қолданылатын су есебін автоматтандыру тәртібіне қойылатын, Қазақстан Республикасының Су кодексінде, осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2025 жылғы 8 тамыздағы № 295 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36616 болып тіркелген) бекітілген елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі су есепке алу аспаптары мен жүйелерін таңдау, орнату және пайдалану қағидаларында (одан әрі – таңдау, монтаждау Қағидалары) өлшем бірлігін қамтамасыз ету, ақпараттандыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнамаларында белгіленбеген талаптармен айқындалады.

55. Көп пәтерлі тұрғын үйлерді (тұрғын ғимараттарды) және өзге де объектілерді салу, реконструкциялау, техникалық қайта жарақтандыру, жаңғырту, құрделі жөндеу жобаларында суды коммерциялық есепке алууды ұйымдастыру үшін суды есепке алуудың жалпығылғы және жеке аспаптарын міндепті тұрде орнату көзделеді.

56. Суды есепке алу аспабын орнатуға сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерін жуғаннан кейін жол беріледі.

Суды есепке алу аспаптары дайындаушы зауыттың пайдалану құжаттамасында көрсетілген техникалық талаптарына және таңдау, монтаждау қағидаларына сәйкес орнатылады.

Суды есепке алу торабы қондырғысының техникалық талаптарға және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестігін жеткізуі тексереді.

57. Жеткізуінің су тұтынушыларға суды есепке алу аспаптарын (суды есепке алу тораптарын) сатып алуы және орнатуы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19242 болып тіркелген) бекітілген табиғи монополиялар субъектілерінің қызметті жүзеге асыру қағидаларының 9-тарауының тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады және жеткізуінің суды есепке алу аспаптарын

сату және орнату нарығындағы бәсекелестігін шектемейді егер, оның ішінде суды есепке алу аспаптарын (суды есепке алу торабы) сатып алу және орнату үшін төлемақы мөлшерін есептеу кезінде осы ақыға жеткізушінің таза табысы енгізілмесе, жеткізушіге осындай тауар нарығының субъектісі мәртебесін бермейді.

58. Суды есепке алу торабы жүзеге асырылатын суды коммерциялық есепке алу пайдалануға жіберіледі және бір данасы су тұтынушыға берілетін тиісті актіні жасай отырып, жеткізушінің өкілі пломбылайды.

Суды есепке алу аспабы іsten шыққан кезде су тұтынушы күнтізбелік отыз күн ішінде ақаусыз суды есепке алу аспабын орнатуды қамтамасыз етеді.

Сарқынды суларды есепке алу аспабы іsten шыққан кезде су тұтынушы сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жөніндегі ұйыммен келісілген, бірақ күнтізбелік алпыс күннен аспайтын мерзімде ақаусыз сарқынды суларды есепке алу аспабын орнатуды қамтамасыз етеді. Мерзімі сарқынды суларды есепке алу аспаптарын елден тыс жерлерге тексеруге және жөндеуге жіберу себебінен ұзартылуы мүмкін.

59. Суды есепке алу тораптары су тұтынушының меншігі болып табылады. Пломбалардың сақталуына жауапкершілік су тұтынушыға және жеткізушіге жүктеледі.

Суды есепке алу аспаптарының және (немесе) суды есепке алу тораптарының жұмысындағы барлық ақаулар мен бұзушылықтар туралы, сондай-ақ олардағы пломбалардың тұтастығының бұзылуы туралы су тұтынушы дереу жеткізушіге хабарлайды.

60. Жеткізуши суды есепке алу торабын тексеру мерзімдерін есепке алууды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Жеткізуши су тұтынушыны суды есепке алу аспабына кезекті (кезектен тыс) тексеру жүргізу қажеттілігі туралы оның мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 күн бұрын хабардар етеді.

61. Жеткізуши кемінде үш айда бір рет су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін, есепке алу торабында пломбаның болуын тексеруді жүргізеді және тұтынушылардың есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін дұрыс алуын бақылайды.

Суды есепке алу торабында пломба болмаған кезде жеткізуши немесе оның өкілі осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін тексеру актісін жасайды, оған су тұтынушы мен жеткізуши тараптары анықталған бұзушылықтар және келесі тексеруге дейін жою мерзімдері туралы қол қояды.

4-параграф. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерінде жұмыстарды сақтау және жүргізу ерекшеліктері

62. Елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету, оларды тиісінше пайдалану және оларға қызмет көрсету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ елді мекен тұрғындарының қоршаған ортасына,

денсаулығы мен өміріне зиян келтіруді болдырмау мақсатында күзет аймақтары және сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінен ғимараттар мен құрылыштарға дейінгі ең аз жол берілетін қашықтықтар және жер учаскелерінің шекаралары белгіленеді.

63. Елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің қорғау аймағының ені құбырдың шеткі желілерінің екі жағы бойынша қабылдануы тиіс:

1) жер асты сулары болмаған кезде және құбыр диаметрі 1000 мм дейін болғанда - кемінде 10 м;

2) жер асты суларының болмаған кезде және су құбырларының диаметрі 1000 мм-ден артық болса - кемінде 20 м;

3) жерасты сулары болған кезде - су тартқыштардың диаметріне қарамастан кемінде 50 м.

64. Елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің күзет аймақтары шегінде жеткізушінің келісімінсіз ұнғымаларды орнатумен, құрылыштар мен ғимараттарды орналастырумен, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, телекоммуникациялар, байланыс желілерін төсеумен және басқа да коммуникациялармен байланысты жер жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

65. Жер жұмыстарын жүргізетін жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар осы жұмыстарды жүргізуге арналған құжаттарда көрсетілген сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері мен олардағы құрылыштар табылған кезде жұмыстарды тоқтатады, олардың сақталуы жөнінде шаралар қабылдайды және жеткізушіге және жергілікті атқарушы органдарға хабарлайды.

66. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілерін қайта құруды немесе оларды зақымданудан қорғауды талап ететін жұмыстарды орындайтын жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ занды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар осы жұмыстарды осы желілердің иесімен келісім бойынша және олардың қатысуымен орындайды.

67. Жеткізушінің өкілдеріне жөндеу және техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілеріне және олардағы жеке және ведомстволық аумақтар бойынша өтетін құрылыштарға кедергісіз қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

68. Елді мекеннің сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелеріндегі аварияларды жою, жөндеу жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жеткізуші немесе жүйelerдің меншік иесі аумағы арқылы осы желілер өтетін учаскені жер пайдаланушыны бір құнтізбелік күн ішінде ауызша және жазбаша түрде хабардар ете отырып үйымдастырады және осы қызмет түріне рұқсаты бар адамдар жүргізеді.

69. Осы Қағидалардың 66-тармағында көрсетілген жұмыстар орындалғаннан кейін жеткізуші жер учаскелерін нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалануға жарамды

күйге келтіреді және фото- немесе бейнетіркеу материалдарын қоса бере отырып, жұмыстардың аяқталғаны туралы участкениң жер пайдаланушысын құнтізбелік үш күн ішінде жазбаша түрде хабардар етеді.

70. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру желілері зақымданған кезде зақымдануға жол берген тұлға өз қарожаты есебінен авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізеді.

Ауыз судың және (немесе) техникалық судың жоғалуына әкеп соққан сумен жабдықтау желілерінің зақымдануына жол берген тұлға жеткізушиге жоғалған судың құнын өтейді.

Елді мекендердің
сумен жабдықтау және
су бұру жүйелерін пайдалану
қағидаларына қосымша
Нұска

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерінің тексеру актісі

"___" _____ 20 ___ жыл

елді мекенниң атауы

Жеке шот немесе _____

шартының №

Телефон _____ e-mail _____

Нысан мекенжайы _____

Су тұтынушының аты-жөні/атауы _____

Су тұтынушы обьектісінің мақсаты _____

Су тұтынушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН) _____

Есептеу құралының түрі _____

Есептеу аспабының диаметрі _____

есепке алу аспабының №

Пломбаның № және орнату орны _____

Соңғы көрсеткіштер _____

Біз, төменде қол қойғандар, жеткізушиңің өкілі _____

және су тұтынушының өкілі _____

су тұтынушының сумен жабдықтау және (немесе) су бұру жүйелерін тексеру кезінде мынадай бұзушылықтар анықталғаны туралы осы актіні жасады *:

* Актіде сипатталатын бұзушылықтар: Жеткізушінің жүйелеріне өз бетімен қосылу, су тұтынушыда суды есепке алу схемасының бұзылуы, пломбаның бұзылуы, су өлшеу торабының айналма желісі(бекіту арматурасы), есепке алу аспаптары мен өрт сөндіру гидранттарында, есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін бұрмалайтын құрылғыларды орнату, су тұтынушы сумен жабдықтау жүйесінен ағып кету (есепке алу аспаптары болмаған кезде), су тұтынушы (оның өкілдері) жеткізушінің лауазымды адамын есепке алу аспаптарын тексеруге жібермеген кезде, жеткізушіні есепке алу аспабының ақаулықтары туралы хабардар етпеген кезде.

Су тұтынушыға қажет:

1. Суық суды есепке алу аспаптарын монтаждау, ауыстыру кезінде оларды Қазақстан Республикасы Су кодексінің 107-бабына тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау және су бұру жүйелеріндегі суды есепке алу аспаптарын таңдау, монтаждау және пайдалану қағидаларына сәйкес жеткізушінің ақпараттық-өлшеу жүйесімен үйлесімді деректерді қашықтықтан беру құралдарымен жарақтандыру қажет.

2. Тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы уәкілетті орган бекіткен сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің көрсетілетін көлемін есептеу әдістемесінің 33-тармағына сәйкес анықталған бұзушылықтар кезінде сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне ақы төлеу.

3. Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге үлгілік шарт жасасу.

Сумен жабдықтау және (немесе) су бұру қызметтерін көрсетуге шарт жасасу үшін су тұтынушы осы Қағидалардың 15 және 18-тармақтарына сәйкес құжаттарды ұсынады

Анықталған ақаулар мен бұзушылықтарды жою мерзімі.

Жеткізушінің талаптары осы актіде белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, қызметтер көрсету тоқтатыла тұрады, ал материалдар сотқа беріледі.

Осы құжатқа қол қоя отырып, су тұтынушы онда көрсетілген дербес деректерді жинауға және өндеуге келісім береді.

Жеткізушінің өкілі

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) анық) (қолы)

Су тұтынушы (немесе су тұтынушының өкілі)

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) анық) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК